

**"Маржанбұлақ селолық округіне қарасты елді мекендерге көше атауын беру туралы"  
2008 жылғы 23 желтоқсанындағы № 19 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Алға ауданы Маржанбұлақ ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 388 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 қаңтарда № 4677 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 121-V "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал енгізу туралы" Конституциялық заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына сәйкес, Алға ауданының Маржанбұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Маржанбұлақ селолық округі әкімінің мемлекеттік тіліндегі 2008 жылғы 23 желтоқсанындағы № 19 "Маржанбұлақ селолық округіне қарасты елді мекендерге көше атауын беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 3 -3-69 тіркелген, 2009 жылғы 03 ақпандағы аудандық "Жұлдыз-Звезда" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің мемлекеттік тіліндегі деректемелерінде, атауында және бүкіл мәтіндегі "селолық" сөзі тиісінше "ауылдық" сөзімен ауыстырылсын;

мемлекеттік тіліндегі шешімнің кіріспесінде, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы № 45 қаулысымен мақұлданған "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасының 3,2 бөлігіне" Ақтөбе облысы әкімдігінің 2007 жылғы 24 шілдедегі "Ақтөбе облысының мекенжай тіркеліміне тіркеу тәртібі туралы және мекенжай құрылымы жөніндегі Ереже туралы № 255 қаулысына," сөздері алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Маржанбұлақ ауылдық округінің әкімі*

*Б.Т. Кангужин*